

## Қазақстан Республикасында көліктегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 17 шілде N 794. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.28. N 544 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған мыналар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасында қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын темір жол жылжымалы құрамын жасау және жөндеу, арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары;

2) кемелерге, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты теңіз және өзен порттарының қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары;

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.08.11. N 842 , 2005.09.02. N 893 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.*

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 17 шілдедегі

N 794 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасында қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын темір жол жылжымалы құрамын жасау және жөндеу, арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары

*Ескерту. Тақырыпқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.02. N 893 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.*

1. Темір жол жылжымалы құрамын жасау және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды :

1) нормативтік-техникалық талаптарға сәйкес өндірістік алаңдар, сондай-ақ жабдықтар, құрал-саймандар, өлшеу құралдары, айнамайтын бақылау және ақаутанығыш аспаптар, вагондарды және/немесе контейнерлерді әрі олардың тораптарын қабылдап алу жүйелері;

2) темір жол жылжымалы құрамының жасалуына және жөнделуіне жауапты адамдардың тапсырыс беруші бекіткен тізімі.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.02. N 893 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.*

2. Қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:

1) нормативтік-техникалық талаптарға сәйкес өндірістік алаңдар, жабдықтар, құрал-саймандар, өлшеу құралдары, айнамайтын бақылау және ақаутапқыш приборлар, вагондарды және/немесе контейнерлерді әрі олардың тораптарын қабылдап алу жүйелері;

2) қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлердің жасалуына және жөнделуіне жауапты адамдардың тапсырыс беруші бекіткен тізімі .

*Ескерту. 2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.02. N 893 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 7 ш і л д е д е г і

N 7 9 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Кемелерге жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты теңіз және өзен порттарының қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары**

*Ескерту. Өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.08.11. N 842 қаулысымен .*

1. Кемелерге, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты теңіз және өзен порттарының қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды: <\*>

1) техникалық қадағалау органдарының тиісті қорытындылары бар мамандандырылған машиналар мен жүк көтергіш тетіктер;

2) кемелерге мен жүктерге қызмет көрсететін теңіз және өзен порттарының әрбір қызметі бойынша білікті мамандар (біліктілігін растайтын құжаттардың

б о л у ы ) ;

< \* >

3) жүктерді сақтауға арналған жабық үй-жайлар (қоймалар) мен аумақтар;

4) жолаушыларға қызмет көрсету үшін жабдықталған үй-жайлар (сапаржай);

5) теңіз және өзен порттарында жүзу қауіпсіздігінің талаптарына жауап беретін навигациялық ахуал құралдары; <\*>

б) тапсырыс берушінің экологиялық және санитарлық нормалар талаптарына сәйкестігін растайтын экологиялық және санитарлық қадағалау органдарының қорытындылары.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 7 ш і л д е д е г і

№ 7 9 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы № 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., № 41, 515-құжат):

1) лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиярлардың) тізбесінде:

реттік нөмірі 3-жолдың 3-бағаны:

"теңіз" деген сөзден кейін "және темір жол" деген сөздермен толықтырылсын

;

"әуе" деген сөзден кейінгі "және темір жол" деген сөздер алынып тасталсын;

"қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын темір жол жылжымалы құрамын, арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу; теңіз кемелеріне, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты теңіз порттарының қызметі" деген сөздермен толықтырылсын:

реттік нөмірі 40-жол алынып тасталсын;

2) санитарлық, экологиялық және тау-кен техникалық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізбесінде:

1-бөлім мынадай мазмұндағы 25-1-тармақпен толықтырылсын:

"25-1. Теңіз кемелеріне жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты теңіз порттарының қызметі.";

2-бөлім мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

"21-1. Теңіз кемелеріне жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты теңіз порттарының қызметі."

2. "Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауды лицензиялау туралы тәртіпті бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 шілдедегі N 714 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 24, 212-құжат):

Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жолаушыларды және жүктерді, қауіпті жүктерді тасымалдауды лицензиялау туралы тәртіпте:

2 және 18-тармақтарда "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі", "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. *күші жойылды*

4 . *к ү ш і ж о й ы л д ы*

*Ескерту. 3,4-тармақтардың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232 қаулысымен.*

5. *күші жойылды*

*Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.19. N 610 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*